

**Қарақия ауданының Құрық ауылы бойынша өткізілген жергілікті
қауымдастық жиынының**

Хаттамасы № 3

Құрық ауылы

30 маусым 2025 жыл

Төреғалық етуші: Бекжанов Салимжан Амирханұлы

Қатысқандар: Құрық ауылы әкімі С.Есенкелдіұлы, қоғамдастық мүшелері: Ж.Балманов, Г.Тұмақбаева, Ә.Танатаров, А.Қосыбаев және ауыл тұрғындары.

Күн тәртібінде:

Маңғыстау облыстық ардагерлер кеңесі ССРО тарихи кезеңінде темір жол саласының дамуына өзінің сындарлы еңбектерін сіңірген Байбол Орақов есімін ұлықтау мақсатында, Маңғыстау облысы әкімдігіне, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына, облыстық ономастикалық комиссияға тарихи тұлғалар тізіміне енгізу турасында ұсыныс беруге шешім қабылдады. Маңғыстау облыстық ардагерлер кеңесінің хаттамасы 2024 жыл, 11 сәуір (тіркеме №1).

Сөйлеу:

1. С.Бекжанов – төраға,

Ауыл бойынша жасалынатын жұмыстардың жұмыс жобасы өте орынды. Байбол Орақов 1900 жылы Маңғыстау түбегіндегі Форт Александровскіде (қазіргі Форт-Шевченко қаласында) дүниеге келген. Маңғыстаулық азамат Байбол Орақұлы 1987 жылы дүниеден өткенге дейін Құрық селосындағы Ералиев темір жол станциясының жұмысшыларына еңбек тәжірибелерін үйретті. Байбол Орақов Ұлы Отан соғысы жылдары әскери тәртіппен, асқан жауапкершілікке еңбек еткен.

2. М.Сарсенғали - комиссия мүшесі, Байбол Орақовтың еңбегі зор екендігін және 1944 жылы 2 қазанда ССРО темір жол Халық Комиссары Л.М.Кагановичтың № 928 бұйрығымен «ССРО Құрметті теміржолшы» атағымен марапатталды. Қазақтан шыққан тұңғыш «Құрметті теміржолшы» атағы тарихи тұлғаға деген құрмет болды. Сақталған тарихи құжаттарында 1955 жылы берілген «Еңбек қызыл Ту» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін» және Одақтық, республикалық жол басқармаларынан алған «Алғыс хаттар», «Құрмет грамоталары» бар.

Шешім етеді:

Құрық ауылы жергілікті қоғамдастық мүшелері Қарақия ауданы Құрық ауылының атаусыз көшесін – «Байбол Орақов көшесі» деп қайта атау туралы ұсыныс дұрыс деп есептейміз және қолдаймыз деп шешті. Шешімнің орындалуын бақылау жасау ауыл әкімі С.Есенкелдіұлына міндеттелсін.

Комиссия төрағасы



С.Бекжанов

Хатшы



Л.Жузбаева

Қолдаймыз:

1. Сәрсенғали марке Жайтұрғын
2. Рахметов Әлімжан Әлімбайұлы
3. Рахметов Тұрхан Әбуғалиұлы
4. Сәтқанбаев Ростом Қарлыбайұлы
5. Сенибаева Күміс Шаңбырбаева
6. Мекеев Нұржан
7. Чибетқали Құрманжан
8. Демшикова Күміс
9. Жанбырбаев Әлілік
10. Жанбырбаев Саламат
11. Жанбырбаева Сұлушан

